Төлеушілерден түскен МӘМС активтерінің **900 млрд теңгесі** халыққа медициналық көмекті көрсетуге және кеңейтуге бағытталған.

Жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қаржыландыру көлемі **3 есе**, медициналық оңалту және консультациялық-диагностикалық көмек **11 есе**, оның ішінде қымбат көрсетілетін қызметтер **5 есе** ұлғайды.

Жоғарыда аталған шараларды іске асыру нәтижесінде **елімізде денсаулық сақтаудың негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштерінің оң серпіні** байқалады.

Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша жалпы өлім көрсеткіші **29%** - ға төмендеп, 1000 тұрғынға 6,8 құрады. Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім **32%** - ға, қатерлі ісіктен-**7%** - ға, жарақаттан-**5%** - ға төмендеді. Ана өлімі **3 есе** төмендеді.

Нәтижесінде, **халық денсаулығы көрсеткіштеріндегі оң өзгерістер**, соның салдарынан **өмір сүру ұзақтығының өсуіне әсер етті** және **пандемияға дейінгі 1,26 жылға** *(2019 жыл – 73,18 жыл)* ТӨҰ деңгейінен асатын тарихи маңызға – **74,44** жылға қол жеткізудің кепілі болды.

**Қазақстан Республикасының**
**Денсаулық сақтау министрі м.а.** **Т. Сұлтанғазиев**